⇒ **эдвайзер (Advisor)** - мамандыққа лайықты білім алушының академиялық жетекшісі функцияларын орындайтын, оқу траекторияларын таңдауда ықпал етуші (жеке оқу жоспарын қалыптастыруда) және оқу кезінде білім бағдарламаларын игеруде көмек көрсетуші оқытушы;

⇒ **элективті пәндер каталогы (ЭПК)** – жүйеленген, қысқаша сипаттамасы берілген студенттерге таңдауы бойынша ұсынылатын оқу пәндерінің тізімі, онда пәндердің мақсаты, қысқаша мазмұны және күтілетін нәтижелері сипатталады (студенттің білім, біліктілік, қабілет, құзіреттілігін игеруі жөнінде). ЭПК-да әрбір оқу пәнінің постреквизиттері мен пререквизиттері көрініс табады. ЭПК студенттерге элективті оқу пәндерін баламалы таңдаудың мүмкіншілігін қамтамасыз ету керек.

⇒ **емтихан сессиясы** – ҚазСТА студенттерінің жоғары оқу орындарындағы (бұдан әрі-ЖОО) аралық аттестаттау кезеңі.

СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМДЕРІН, DAҒДЫЛАРЫ МЕН БІЛІКТІЛІКТЕРІН БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

Күндізгі оқу бөлімі студенттеріне арналған мәліметтер

Академияда білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейі студенттердің білімін бақылаудың келесі нысандарын пайдалана отырып, объективті дәйекті процедураларды жүргізу арқылы анықталады: - ағымдық бақылау - АБ; - орташа ағымдағы бақылау (2-7 және 8-15 апта кезеңдері үшін) – ОАБ; - жинақтау рейтингі – R1; – жинақтау рейтингі – R2; – емтиханға жіберудің қорытынды рейтингі, $R = (R1+R2)/2$ – аралық аттестация (емтихандық сессия); – қорытынды аттестаттау (кешенді бітіру емтихандары, дипломдық жұмыстар, диссертациялар және жобалар).

Үлгерімге ағымдық бақылау жасау, білім алушының кәсіби оқу бағдарламалары мен мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартының игеру дәрежелерін анықтау мақсатында аралық және қорытынды аттестаттау өткізіледі.

Студенттердің үлгерімінің ағымдағы бақылау (АБ) аудиториялық (тәжірибелік сабақтар – ЗТС, СТС) және мектептен тыс (СОӨЖ, СӨЖ) сабақтардағы білімдерін бақылауды қамтиды. Орташа ағымдағы бақылауды бағалау (ОАБ) ағымдағы бақылауларды (АБ) бағалаудан тұрады.

Үлгерімді ағымдағы бақылаудың (АБ) нәтижелерін оқытушы студенттердің тапсырмалардың жекелеген түрлерін орындап, тапсыру кезінде силлабустан белгіленген талаптарға сәйкес есепке алады.

Оқу үлгерімінің ағымдағы мониторингі кезінде оқушылардың оқу жетістіктері әрбір орындалған тапсырма (ағымдағы сабақтарға жауап беру, үй тапсырмасын беру, студенттің өзіндік жұмысы (бұдан әрі – СӨЖ, аралық бақылау)) және қорытынды нәтижесі бойынша 100 баллдық жүйе бойынша бағаланады, оқу үлгерімінің ағымдағы мониторингі академиялық кезең ішінде алынған барлық бағалардың орташа арифметикалық мәнін есептеу арқылы есептеледі.

Осыған ұқсас тәсіл аралық және қорытынды аттестация кезінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау кезінде қолданылады.

Жинақтау рейтингі (R1, R2) – студенттердің пән бойынша белгілі бір оқу кезеңінде (2-7, 8-15 апталар) оқу жетістіктерін орташа ағымдық бақылау, ол орташа нәтижелердің қосындысын ескере отырып есептеледі, сабақтың әр түріне арналған ағымдағы бақылаулар) ОАБ).

Әрбір пән бойынша қорытынды емтихан рейтингі (R) кемінде 50% құрайды.

Аралық аттестаттау бекітілген кестеге сәйкес әрбір оқу пәні бойынша емтихан түрінде өткізіледі.

ЖОО-да студенттерді аралық аттестаттау мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім беру стандарттары негізінде әзірленген оқу жұмыс жоспарына, академиялық күнтізбеге және кәсіптік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Студенттерді аралық аттестаттау емтихан тапсыру түрінде өткізіледі.

Студенттерге аралық аттестаттауды ұйымдастыру мен өткізу офис тіркеушіге жүктеледі.

Аралық аттестаттау нәтижелері бойынша офис тіркеуші студенттердің академиялық рейтингісін құрайды.

Емтихандар кестеге сәйкес тапсырылады және пәннің барлық кәсіптік оқу бағдарламасы бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру нысаны болып

табылады және академиялық кезеңдегі оқу жетістіктерін бағалау мақсатын көздейді. Факультет деканы жекелеген жағдайларда (науқастануы, отбасылық және қызметтік жағдайлары бойынша) студентке жеке кесте бойынша емтихан сессиясын тапсыруға рұқсат етеді.

Емтихандық сессияға жіберу екі кезеңде жүзеге асырылады:

1) бірінші кезеңде факультет деканының жалпы өкімімен оқу ақысын төлеу бойынша берешегі, пререквизиттер бойынша академиялық берешегі жоқ, академиялық демалыста немесе ұзақ емделуде болмаған білім алушыларды емтихан сессиясына жіберу жүргізіледі.

2) екінші кезеңде үлгерімді ағымдағы бақылау және жинақтау рейтингі нәтижелері бойынша анықталатын рейтинг бағасы негізінде пән бойынша емтиханға автоматты түрде жіберу жүзеге асырылады.

Емтихан сессиясын жеке кесте бойынша тапсыруға факультет деканына ауруы туралы, баланың тууына байланысты, жақын туыстарының қайтыс болуына байланысты, қызметтік немесе оқу іссапарына байланысты растайтын анықтама ұсынылған жағдайда рұқсат етіледі.

Емтихан аяқталғаннан кейін әр пән бойынша студентке қорытынды баға қойылады, ол оның оқу жетістіктерінің бағасы болып табылады.

Пән бойынша қорытынды баға жіберу рейтингісінің және қорытынды бақылаудың бағаларынан тұрады.

Студенттің қорытынды бағасына ағымдағы үлгерімнің үлесі (ағымдық және аралық бақылау) 60% - дан кем емес, қорытынды бақылау бағасының үлесі пән бойынша қорытынды бағаның 40% - дан артық емес. Аттестациялық балл алмаған Студент аралық аттестаттауға жіберілмейді.

Егер пән бағдарламасын толық көлемде орындаған білім алушы емтиханға келмесе, емтихан ведомосына оның тегінің қарсы жағына «келмеді» деген белгі қойылады.

Дәлелді себеп болған жағдайда (ауруы, отбасылық және қызметтік жағдайлары бойынша) факультет деканының өкімімен емтихан тапсырудың жеке кестесі белгіленеді.

Дәлелді себеп болмаған жағдайда емтиханға келмеу «қанағаттанарлықсыз» бағаға теңестіріледі.

БІЛІМДІ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ

Қазақстан Республикасының білімін бағалау жүйесі балл-рейтингіге негізделген студенттердің оқу жетістіктерін бағалаудың әріптік жүйесі.

Баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі оқытушыға студенттің білім деңгейін анықтауға неғұрлым икемді түрде мүмкіндік береді және 1-кестеге сәйкес бағаланады:

1-кесте

әріптік жүйемен	баллдардың цифрлік эквиваленті	%- мазмұны	дәстүрлі жүйемен бағалау	Ескертпе
A	4,0	95-100	ӨТЕ ЖАҚСЫ	
A-	3,67	90-94		
B+	3,33	85-89	ЖАҚСЫ	
B	3,0	80-84		
B-	2,67	75-79		
C+	2,33	70-74		

C	2,0	65-69	ҚАНАҒАТТАНАРЛЫҚ	
C-	1,67	60-64		
D+	1.33	55-59		
D	1.0	50-54		
FX	0,5	25-49	ҚАНАҒАТТАНАР- ЛЫҚСЫЗ	Білім алушы аралық аттестаттау кезінде оқу пәні (модуль) бойынша емтиханды бір реттен артық емес қайта тапсыруға рұқсат беріледі.
F	0	0-49		Оқу пәнін (модуль) қайта оқу

Жоғары білімді кадрларды даярлау сапасын арттырудың ең тиімді әдістерінің бірі интернационализациямен байланысты студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын дамыту:

- мемлекетаралық және университеттер арасындағы келісімдер негізінде студенттермен алмасу;

- оқытушылармен алмасу;

- қос диплом бағдарламасы;

- бірлескен зерттеулер жүргізу, ғылыми жобаларды іске асыру және т.б.

Академиялық ұтқырлық - білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді белгілі бір академиялық кезеңге (семестр немесе оқу жылы) басқа жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) академиялық кредиттер түрінде игерген білім беру бағдарламаларын, пәндерін міндетті түрде қайта сынақ ретінде тапсыра отырып өз ЖОО-сында немесе басқа ЖОО-да білімін жалғастыру немесе зерттеулер жүргізу үшін ауыстыру.

Кредиттік жүйе дегеніміз не?

Кредиттік жүйе – оқу бағдарламасын оның бөлімдеріне кредиттерді бекіту жолымен жүйелі сипаттау тәсілі. Кредиттерді анықтау жоғары білімнің әртүрлі параметрлерінде негізделеді, мәселен студенттік жұмыстың еңбек көлемі, білім нәтижелері және оқытушылармен байланыс уақыты.

ECTS – бұл Еуропалық трансферт (аудару) және кредиттер жинау жүйесі

ECTS-ке негізделген оқу жоспарларының салыстырмалылығы студенттерге әртүрлі шетелдік білім беру бағдарламаларын таңдауға мүмкіндік береді, олар сәтті аяқталған жағдайда ECTS жүйесі бойынша өзінің ЖОО-да өткен материал ретінде есептеледі.

ECTS шеңберіндегі академиялық кредит – бұл пәнді оқытудың аудиториялық сабақтарда, сондай-ақ өзіндік жұмыс кезінде еңбек сыйымдылығын өлшеу бірлігі.

Үлгерімнің орташа балы (Grade Point Average – GPA) – таңдалған бағдарлама бойынша бір оқу жылындағы білім алушының оқу жетістіктері деңгейінің орташа өлшенген бағасы.

GPA – «орташа үлгерім балы» - білім алушының академиялық үлгерімі деңгейін белгілеу үшін курстан курсқа ауыстыру барысында пайдаланылады.

Академияда толық 4-жылдық оқу мерзімімен студенттерінің курстан курсқа көшірілуі туралы бекітілген GPA:

- 2 (екінші) курсқа - кемінде 2,0 балл;

- 3 (үшінші) курсқа - кемінде 2,2 балл;

- 4 (төртінші) курсқа-кемінде 2,4 балл.

ТЖКБ негізінде қысқартылған 3-жылдық оқу мерзімімен студенттерінің курстан курсқа көшірілуі туралы бекітілген GPA:

- 2 (екінші) курсқа-кемінде 2,2 балл;

- 3 (үшінші) курсқа - кемінде 2,4 балл.

6В01401 «ДШЖС» БББ бойынша ЖБ негізінде қысқартылған 2-жылдық оқу мерзімімен студенттерінің курстан курсқа көшірілуі туралы бекітілген GPA:
- 2 (екінші) курсқа-кемінде 2,2 балл;

АКАДЕМИЯ САЯСАТЫ

- ⇒ Оқу ақысын толық төлеген және АБ 1 мен АБ 2 тапсырған студенттер емтихан тапсыруға жіберіледі;
- ⇒ Бекітілген кесте мен тізімге сәйкес студент өз аудиториясынан табылуы тиіс;
- ⇒ Емтихан басталғаннан кейін студент аудиториядан шығуға құқығы жоқ;
Емтиханда студенттерге бір-бірімен сойлесуге және ұялы телефондар арқылы сөйлесуге тыйым салынады. Емтихан парағына немесе басқа студенттің компьютер мониторуна қарау әрекеті ережелерді өрескел бұзу ретінде қарастырылады, бұл студентті емтиханнан алып тастауға әкеп соғады.
- ⇒ Электрондық жазу дәптерлерін, ұялы телефондарды, шпаргалкаларды, анықтамалық әдебиеттерді пайдалануға тыйым салынады (рұқсат етілген ПОҚ-нан басқа);
- ⇒ Жазбаша тестілеу барысында барлық жауаптар тек берілген жауап парақтарында жазылған болуы тиіс;
- ⇒ Шпаргалка табылған жағдайда студент аудиториядан шығарылады және оған емтихан үшін «F» бағасы қойылады;
- ⇒ Кешіккен студентке емтиханға кіруге рұқсат етілмейді!!!

ЖАЗҒЫ (ҚОСЫМША) СЕМЕСТРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Жазғы семестр демалыс есебінен немесе Академиялық күнтізбе бойынша бөлек жоспарланады.

Қосымша оқу қажеттілігін қанағаттандыру, академиялық қарызды немесе оқу жоспарларындағы айырмашылықты жою, басқа жоғары оқу орындарының келісімі бойынша оқу пәндерін зерделеу және білім алушылардың кредиттерін меңгеруі үшін ұзақтығы 6 аптаға дейінгі жазғы семестрді енгізу.

Ең төменгі ауыстыру балын ала алмаған Студент қайта оқу курсына қалдырылады.

Қайта оқу курсына қалдырылған студент ертеректе қабылданған жеке оқу жоспары бойынша оқуы мүмкін, немесе жаңадан жеке оқу жоспарын қалыптастырады.

Ауыстыру балының ең аз мөлшерін жинай алған және келесі оқу курсына ауысқан студент академиялық қарызы болған жағдайда сәйкес пәндерді **ақылы түрде** қайта оқиды және академиялық қарыздарын жояды.

Академиялық қарыздары болған пәндер келесі семестрде оқылатын пәндердің пререквизиттері болып табылмайды.

Студенттер барлық емтихандарды жұмыс және жеке оқу жоспарына және бекітілген оқу бағдарламаларына сәйкес барлық оқу түрлеріне бірыңғай пәндер тапсырады.

«Қанағаттанарлықсыз» баға алған емтиханды оң бағаға қайта тапсыру үшін студент келесі академиялық кезеңде немесе жазғы семестрде осы пән бойынша оқу жоспарында қарастырылған оқу сабақтарының барлық түріне қатысады, емтиханға кіруге рұқсат алады және қорытынды бақылау тапсырады.

Емтиханды қайта тапсыру нәтижесі оң болған жағдайда қорытынды баға қайта есептеледі, ол емтихан ведомосына, сынақ кітапшасына және транскриптқа жазылады.

Үлгерімнің орташа балын есептеу кезінде оқу пәні бойынша соңғы бағалар есепке алынады.

ҚАЛАЙША ҚАЙТА ОҚУ ЖЫЛЫНА ҚАЛМАУҒА БОЛАДЫ?

Қайта оқу жылы үлгермейтін студенттер үшін қарастырылған – олар ауыстыру балын жинай алмағандар немесе академиялық қарыздарын өтей алмағандар.

Қайта оқу жылында қалмау үшін студенттер барлық пәндер бойынша негізгі семестрде емтихандарды уақытында тапсыруы немесе жазғы семестр бойы олар бойынша қарыздарын жою, сондай-ақ осы курс үшін қажетті көшіру балын (GPA) алуы қажет.

Қосымша оқу қажеттілігін қанағаттандыру, академиялық қарызды немесе оқу жоспарларындағы айырмашылықты жою, басқа жоғары оқу орындарының келісімі бойынша оқу пәндерін зерделеу және білім алушылардың кредиттерін міндетті түрде қайта есептей отырып игеру үшін ұзақтығы 6 аптаға дейінгі бітіру курсына қоспағанда, жазғы семестрді енгізуге жол береді.

Қайта оқу жылына қалғаны үшін төленетін ақы жаңа оқу жылына белгіленген сомада толық мөлшерде төленеді.

Кредиттік жүйенің қызмет етуі, элективті пәндерге тіркелу, білімді бақылау, GPA есептеу, жазғы семестрде оқу мәселелері бойынша деканатқа және офис тіркеушіге жүгіну қажет.

ҚАЗСТА СТУДЕНТТІНІҢ БАСҚА ЖОО-НА АУЫСУ ЕРЕЖЕСІ

Бірінші курс студентінің басқа оқу орнына ауысуы бірінші семестрді аяқтаған соң, сәйкес мамандық бойынша рұқсат етіледі. Басқа оқу орнына ауысуға ниет білдірген білім алушы өзі білім алып жатқан оқу орны басшысының атына ауысуы туралы өтініш береді және ауысуға мөрмен бекітілген жазбаша келісім алып, қызығушылық танытқан оқу орнының басшысына өтініш білдіреді. Қабылдайтын ЖОО басшысының атына жазылған ауысу туралы өтінішке өзі ауысып кетіп отырған оқу орны басшысының қолы қойылған *транскрипт* тіркеледі.

ЖОО басшысы білім алушыны ауыстыру туралы мәселені шешер кезде оның сабақтарға қатыстырылуы, оқу жоспары бойынша айырмашылықтарды тапсыруы туралы бұйрық шығарады, бұрын оқыған оқу орнына оның жеке іс қағаздарын жіберу туралы жазбаша сұрау салады.

Білім беру ұйымының білім алушылар қатарына қабылдау туралы бұйрық білім алушының бұрын оқыған білім беру ұйымынан жеке ісін алғаннан кейін шығарылады.

ОҚУДАН ШЫҒАРЫЛҒАН ҚАЗСТА СТУДЕНТТЕРІН ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ

Студенттер қатарына қайта қабылдау міндетті түрде бір семестрді аяқтағаннан кейін, білім алушының өз өтініші негізінде ғана жүзеге асырылады.

Білім алушыны сәйкес мамандық бойынша бірінші курсқа қайта қабылдау бірінші семестрдің оқу пәндерін игерген жағдайда ғана жүзеге асырылады.

Ауысу және қайта қабылдау туралы толық ақпараттарды <http://kazast.kz> Академиясының ресми сайтында орналастырылған ҚазСТА академиялық саясатынан қарауға болады.

ҚАЗСТА СТУДЕНТТЕРІНІҢ ОҚУ АҚЫСЫН ТӨЛЕУ ШАРТТАРЫ

Оқу ақысын төлеу келесі сызба бойынша төленеді:

- 1 қыркүйекке дейін – 25%;
- 1 қарашаға дейін – 25%;
- 1 ақпанға дейін – 25%;
- 1 мамырға дейін – 25%.

Ақылы негізде білім алушылардың қаржылық қарызы бойынша оқудан шығарылғандары төлем бойынша қарызын өтеген жағдайда оқудан шығарылған төрт аптаның ішінде оқуын қайта қалпына келтіру құқығына ие, соның ішінде білім алушы білім мекемесіне ақы төлеу бойынша қарызын төлегені туралы құжат ұсынған жағдайда белгіленген уақытта оқуын қайта қалпына келтіреді.

СТУДЕНТТІҢ ЖЕКЕ ОҚУ ТРАЕКТОРИЯСЫН ҚҰРУ

Қазақ спорт және туризм академиясы оқу орнын бітіргені туралы жеке үлгідегі диплом береді. Дипломға үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) белгіленген үлгідегі қосымша барлық оқу жылдарында бағалармен және біліктілік берумен беріледі.

Қазақ спорт және туризм академиясының студенті келесі білім бағдарламалары бойынша білім алады:

1) 6B01401 «Дене шынықтыру және спорт» бойынша келесі біліктіліктер беріледі:

- ***Дене шынықтыру мұғалімі, таңдаған спорт түрі бойынша жаттықтырушы.***

Осы бағдарлама аясында келесі қосымша Minor бағдарламалары бойынша оқыту жүргізіледі:

- дене шынықтыру және спорттық психология (біліктілігі: ***дене шынықтыру мұғалімі, спорт психологы***);

- дене шынықтыру және денсаулық менеджменті (біліктілігі: ***дене шынықтыру мұғалімі, денсаулық менеджері***);

- дене шынықтыру және спорттық менеджменті (біліктілігі: ***дене шынықтыру мұғалімі, спорт менеджері***);

- бейімдік дене шынықтыру және спорт (біліктілігі: ***ДШж/еС мұғалімі, ДШж/еС бойынша бейімделгіш нұсқаушы***);

- жоғары жетістіктер спорты (біліктілігі: ***дене шынықтыру мұғалімі, денсаулық менеджері***);

- спорттағы көсбасшылық (біліктілігі ***дене шынықтыру мұғалімі, денсаулық менеджері***);

- спорттық туризм (біліктілігі: ***дене шынықтыру мұғалімі, денсаулық менеджері***).

2) 6B01402 «Дене шынықтыру және спорт» бойынша келесі біліктіліктер беріледі:

- ***Дене шынықтыру мұғалімі, триатлон бойынша жаттықтырушы.***

3) 6B01403 «Бейімдік, дене шынықтыру және спорт» бойынша келесі біліктіліктер беріледі:

- ***Бейімделу, дене шынықтыру мұғалімі.***

4) 6B11101-«Туризм» бойынша келесі біліктілік беріледі:

- ***туризм менеджері***

Осы білім беру бағдарламасы аясында келесі қосымша Minor бағдарламалары бойынша оқыту жүргізіледі:

- Халықаралық туризм: туризм және бизнес индустриясы (біліктілігі: ***туризм менеджері, нұсқаушы***);

- Спорттық және емдеу-сауықтыру туризмі (біліктілігі: ***туризм менеджері, туризм бойынша нұсқаушы***).

5) 6B11102 «Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі» бойынша келесі біліктілік беріледі:

- ***Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесінің менеджері;***

6) 6B11103 – «Рекреация және спорттық-сауықтыру туризмі» бойынша келесі біліктілік беріледі: **6B11103 – Рекреация және спорттық-сауықтыру туризмі.**

СТУДЕНТ-СПОРТШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖЕКЕ ОҚУ КЕСТЕСІ ЖАЙЛЫ

Қазақ спорт және туризм академиясы жоғары спорттық жетістіктері бар Қазақстан Республикасының жастар мен жасөспірімдер құрама командалары мүшелеріне, Қазақстан чемпионатының ұлттық (Премьер) және жоғарғы лигасына қатысатын спорт клубтарының мүшелері мен жоғары санатты студент-спортшылары үшін барлық жағдайлар жасайды.

Осы санаттағы студенттер үшін Қазақ спорт және туризм академиясының спортшы-студенттерін жеке оқу кестесіне көшіру туралы ереже әзірленді, ол бір семестрге беріледі.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫН БІТІРГЕННЕН KEЙІН БІЛІМ АЛУШЫ ҮШІН ЖАҒДАЙ ЖАСАУ

Қазақ спорт және туризм академиясында ретті «Баклавриат – магистратура – PhD докторантура» үш деңгейлі білім алу үшін жағдай жасалған.

Бакалавриатты жақсы бітірген, бекітілген нұсқадағы диплом мен оған қосымшасы бар студенттер келесі мамандықтар бойынша магистратураға түсе алады:

- 7M01401 «Дене шынықтыру және спорт».
- 7M11101 «Туризм».

Қосымшасы бар магистрдің дипломын алған білім алушының келесі мамандықтар бойынша PhD докторантураға түсуге құқықтары бар

- 8D01401 «Дене шынықтыру және спорт».
- 8D11101 «Туризм».

ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖЕКЕ ЖӘНЕ ФИЗИКАЛЫҚ ДАМУЫ ҮШІН ЖАҒДАЙЛАР

Қазақ спорт және туризм академиясында талантты және бастамашыл жастарды қолдау және дамыту мақсатында "Студенттер Альянсы" Студенттік өзін-өзі басқару органы жұмыс істейді. Орган социологиялық проблемаларға талдау жүргізеді және Академияда студенттермен жұмыс жасауды ұйымдастырады, сонымен қатар, шығармашылыққа қызығушылығы бар студенттерге арналған клубтарға жетекшілік етеді. Олардың қатарында: «Дода» зияткерлік пікірсайыс клубы, «Олимп» КТК командасы, «Спорт және Махаббат», «Руханият» театралды клубы, «Феникс» еріктілер клубы, «Sirius» би клубы және вокалды-аспаптық клубы «DMC voice».

Сіздің вокалды қабілетіңіз болса, кәсіби дыбыс жазу студиясында ән жазуға мүмкіндігіңіз бар.

Студенттердің дене дамуы үшін бокс, күрес, гимнастика, ауыр атлетика және фитнес залдары, жүзу бассейні, тренажер залы, футбол алаңдары, скалодром, Талғар ауданындағы тау шаңғысы базасы, Қапшағай су қоймасындағы су-спорт базасы, Талғар ауданындағы "Қаймар" туристік-спорттық базасы сияқты спорт залдары мен базалары бар.

Студенттер ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушыларының спорт секцияларында оқи алады, сондай-ақ Қазақ спорт және туризм академиясында жұмыс істейтін жетекші ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындай алады.

Студенттерді қолдау қызметтері және оларды енгізу механизмдері туралы толығырақ ақпарат 2-кестеде сипатталған.

**СТУДЕНТТЕРДІ ҚОЛДАУ ҚЫЗМЕТТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ
МЕХАНИЗМДЕРІ**

№	Қолдау түрлері	Іске асыру механизмі	Уақыты	Жауапты тұлғалар	Ескерту
1	Спорттағы дарынды студенттерді қолдау Жоғары спорттық жетістіктері бар студент-спортшыларға жеке оқыту кестесін ұсыну	1. Республикалық маңызы бар сыртқы ұйымнан өтініш-хат (мерзімі 1 семестр); 2. Сабақтан босату хатты эдвайзермен, жіберуші кафедра меңгерушісінен, деканмен, ТжСЖ және ОӘЖ жөніндегі проректормен келісу; 3. Факультет өкімін шығару; 4. Жеке оқыту кестесі туралы бұйрық шығару; 5. Студенттің тапсырма парағын алуы, тапсырма парағының көрсетілген мерзімдерінде тапсырмаларды толтыруы және орындауы.	қыркүйек, қаңтар	Жіберуші кафедралардың меңгерушісі, факультет деканаттары	Студент-спортшыларды жеке оқыту кестесіне ауыстыру туралы Ереже
2	Дарынды және әлеуметтік осал студенттерді қолдау Білім алушыларға спорттық, оқу, ғылыми-зерттеу қызметі мен қоғамдық жұмыстардағы жоғары көрсеткіштері үшін, сондай-ақ әлеуметтік осал санаттар қатарындағы студенттерге оқу ақысына жеңілдіктер беру	1. Білім алушының Академия ректорының атына өтініші мен растайтын құжаттарыды беру; 2. Комиссия отырысында өтініштерді қарау; 3. Оқу ақысына жеңілдік беру туралы бұйрық шығару.	қыркүйек, қаңтар	Жіберуші кафедралардың меңгерушісі, факультет деканаттары мен ТжСЖ және ОӘЖ жөніндегі проректоры	П КазАСТ 3/46-23 ҚазСТА білім алушылары на жеңілдіктер беру туралы Ереже
3	Дарынды студенттерді	1. Конкурс өткізу	Қазан -	Конкурстық	П КазАСТ 3/39-

	<p>спорттық, оқу, ғылыми-зерттеу және қоғамдық жұмыстарда қолдау. Академия туған күніне арналған жыл сайынғы "Жылдың үздік студенті" байқауы; "Жылдың Үздік студент-спортшысы", "Студенттер мен магистранттар арасындағы үздік ғылыми-зерттеу жұмысы" номинациялары.</p>	<p>туралы хабарландыру</p> <p>2. Өтініш беру және портфолио;</p> <p>3. Конкурстық комиссияның отырысы;</p> <p>4. Номинанттарды марапаттау.</p>	Қараша	комиссия	<p>23 "Жылдың Үздік студент-спортшысы" номинациясының Ережесі. П КазАСТ 3/34-23 "Жылдың үздік студенті" номинациясының Ережесі, П КазАСТ 3/28-23 "Студенттер мен магистранттар арасындағы үздік ғылыми-зерттеу жұмысы үшін" номинациясының Ережесі</p>
4	<p>Әлеуметтік осал санаттағы, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді қолдау. Студенттік жатақханаларда тұру үшін 100% (жетім балалар) және 50% (ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер) жеңілдіктер беру</p>	<p>1. Деканаттарға эдвайзер мен кафедра меңгерушілерінің қолымен өтініш беру;</p> <p>2. Комиссия отырысында қарау;</p> <p>3. Комиссияның шешімі және жатақханада тегін орын беру туралы бұйрық шығару.</p>	қыркүйек, қаңтар	Конкурстық комиссия	Студенттік жатақханада тұруға жеңілдік беру туралы бұйрық
5	<p>Дарынды студенттерді қолдау және білім алушылардың белсенді бос уақытын ұйымдастыру.</p> <p>1. "Студенттер Альянсы" Студенттік өзін-өзі басқару органының жұмыс істеуі.</p> <p>2. Жоғары жетістіктері бар студенттердің қатысуын қаржыландыру:</p> <ul style="list-style-type: none"> - оқу; - ғылыми-зерттеу; - спорттық; 	<p>1. Студенттердің кездесулері мен жиналыстары;</p> <p>2. Студенттік өзін-өзі басқару активін қалыптастыру;</p> <p>3. "Студенттер Альянсы" Студенттік өзін-өзі басқару органының басшысын ұсыну.</p> <p>1. Қатысуға өтінімді және шығыстар сметасын қалыптастыру және басшылыққа беру;</p> <p>2. Академия</p>	Оқу жылы ішінде	ТжСЖ және жөніндегі проректор	<p>"Студенттер Альянсы" студенттік өзін-өзі басқару органы туралы Ереже</p> <p>ҒЗЖ туралы Ереже ҰКЖ туралы Ереже Іссапар туралы бұйрық</p>

	<p>-халықаралық, республикалық және қалалық жарыстардағы шығармашылық қызмет;</p> <p>3.Академияның түрлі оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, спорттық-сауықтыру және тәрбие іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу.</p> <p>4.Қызығушылықтары бойынша студенттік клубтардың жұмыс істеуі: - "Дода" интеллектуалды пікірсайыс клубы; - "Олимп", "Спорт және махаббат" КВН командасы; - "Рухани" театр клубы; - "Феникс" еріктілер клубы; - "Sirius" би клубы, - "DMC voice" вокалдық-аспаптық клубы және т. б.</p> <p>5. Спорт түрлері бойынша оқу-жаттығу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу.</p>	<p>басшылығының қарауы 3. Бұйрық шығару</p> <p>1. Іс-шаралар мен шығыстар сметасын өткізуге өтінімді қалыптастыру және басшылыққа беру; 2. Академия басшылығының қарауы 3. Бұйрық шығару</p> <p>Білім алушылардың қалауы бойынша студенттік клубтарға жазылу.</p> <p>1. Спорт түрлері бойынша бітіруші кафедраларға жазылу; 2. Оқу-жаттығу сабақтарының кестесін жасау.</p>		<p>Іс-шараларды өткізуге жауапты, ТЖСЖ және жөніндегі проректор</p> <p>ТӘЖСББ</p> <p>Жіберуші кафедралардың меңгерушілері</p>	<p>Іс-шараны өткізу туралы бұйрық</p> <p>ҚазСТА білім алушыларының оқудан тыс шығармашылық қызметі туралы Ереже</p> <p>Оқу-жаттығу сабақтарының кестесі</p>
6	<p>Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді қолдау 1. Мүмкіндігі шектеулі студенттерге жәрдемдесу орталығы 2. Онлайн сурдоаудармашы қызметін ұйымдастыру</p>	<p>1. Студенттер тізімін қалыптастыру; 2. Студенттерді санаттар бойынша бөлу 3. Студенттермен жеке жұмыс</p>	Оқу жылы ішінде	Орталық басшысы	П КазАСТ 3/11-23 Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға жәрдемдесу туралы Ереже
7	<p>Білім алушылардың әлеуметтік-психологиялық бейімделуін қолдау. Консультациялық-</p>	<p>1. Консультацияға жазылу; 2. Психологиялық</p>	Оқу жылы ішінде	Консультациялық-психологиялық қызметке жауаптылар	П КазАСТ 3/53-23 Консультациялық-психологиялы

	психологиялық қызмет	көмек мәселелері бойынша түрлі іс-шаралар мен кездесулер өткізу			қ қызмет туралы Ереже
--	----------------------	---	--	--	-----------------------

ӨТІНІШТЕРДІ БЕРУ ЖӘНЕ ҚАРАУ ТӘРТІБІ

Қазақ спорт және туризм академиясының студенті тәрбие, Әлеуметтік және спорттық-бұқаралық жұмыс бөліміне немесе "Студенттер Альянсы" Студенттік өзін-өзі басқару органына өтініш жасай алады. Органның төрағасы **Серікбай Назым Серікқызы** Сіздің өтінішіңізді қабылдайды және Сіздің мәселеніңізді белгіленген мерзімде шешеді.

8 (727) 292-20-45 тел. немесе +7 747 201 74 69 нөмерлеріне хабарлассаңыз болады. Қазақ спорт және туризм академиясының фойесінде "Сенім жәшігі" орналасқан. "Студенттер Альянсы" студенттік өзін-өзі басқару органы және Академия әкімшілігі

Сіздің өтініштеріңізді белгіленген мерзімде қарайды. Академия сайтында <http://kazast.edu.kz> және E-mail-де: kazsport@inbox.ru сіз әкімшілікке (Президентке, ректорға, проректорларға, бөлім басшыларына, факультет декандарына) сұрақтар қойып, өтініштер жібере аласыз. Сіздің сұрақтарыңыз бен өтініштеріңіз назардан тыс қалмайды және белгіленген мерзімде қаралады.

ҚазСТА СТУДЕНТТІНІҢ НЕГІЗГІ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

ҚазСТА студенті келесі құқықтарға ие:

- ⇒ Таңдаған білім беру бағдарламасы бойынша ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты шеңберінде сапалы білім алуға;
- ⇒ Ғылыми-зерттеу жұмыстарына, конференцияларға қатысу, ғылыми мақалалар жариялау;
- ⇒ Орынды себеппен (денсаулық жағдайы бойынша) академиялық демалыс беруге;
- ⇒ Әскери есепке тұруға;
- ⇒ Компьютерлік сыныптарды, оқу аудиторияларын, кітапхананы, оқу залдарын пайдалануға;
- ⇒ Академияның оқу салалары ішінде ауысуын рәсімдеуге;
- ⇒ Академияның барлық әкімшілік деңгейлеріндегі өкілдерімен кездесуге және кеңес алуға;
- ⇒ Қоғамдық көліктерге жеңілдіктер алуға;
- ⇒ ҚазСТА студенттік емханасында дәрігерлік қызмет алуға;
- ⇒ Талап ету бойынша академияда оқитынын растайтын анықтамалар алуға;
- ⇒ Академияда оқитынын куәландыратын жоғалған құжаттардың көшірмелерін алуға;
- ⇒ Талап ету бойынша топ жетекшісінің мінездемесін алуға (халықаралық білім бағдарламаларына қатысуға арналған).

ҚазСТА студентінің міндеттері :

- ⇒ Теориялық және практикалық білімдерді жүйелі және терең меңгеруге;
- ⇒ Таңдаған білім беру бағдарламасы дағдылар игеруге;
- ⇒ Академия құндылықтары мен басымдылықтарын бөлісуге (сапалы білім, кәсіби шеберлік);
- ⇒ Шешім қабылдауға деген жауаптылық;

- ⇒ Өнегелі мінез-құлық, адамгершілік және этикалық нормаларды сақтау;
- ⇒ Академия қызметкерлерін, профессор - оқытушылар құрамын құрметтеу;
- ⇒ Академияға түсу барысында жасалған келісім-шарттарды орындау, соның ішінде дер кезінде оқу ақысын төлеу;
- ⇒ Әскери есепке тұру;
- ⇒ Оқу аудиториялары мен корпусстарында тазалықпен тәртіп сақтау;
- ⇒ Эпидемиологиялық жағдайлардың алдын алу мақсатында туберкулезбен және басқа да аурулармен ауыру жағдайларында академия әкімшілігіне дер кезінде ескерту жасау;
- ⇒ Студенттер мен қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін төтенше жағдайлар туралы академия әкімшілігіне жедел түрде хабарлау;
- ⇒ Студенттер қызметкерлердің дискриминациялау жағдайлары туралы әкімшілікке хабарлау.

АКАДЕМИЯ СТУДЕНТТЕРІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТАРЫНЫҢ ЭТИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫ

Өзара сыйластық. Студент басқа студенттердің, оқытушылардың және академия басшылығының жеке басын, сондай-ақ олардың пікірі мен көзқарасын құрметтеуі тиіс. Ол жоғары іскерлік және жалпы мәдениетті сақтауға, сыпайылық, әдептілік, төзімділік, әдептілік, айналасындағыларға құрмет көрсетуге міндетті. Қажет болған жағдайда оларға моральдық қолдау көрсету.

Мейірімділік. Студент басқа студенттермен, сондай-ақ оқытушылармен, академияның қызметкерлерімен және басшылығымен қарым-қатынаста сыпайы болуы тиіс.

Адалдық. Студент оқуда жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін оған байланысты бәрін жасауы керек. Ол үшін ол барлық оқу пәндерін зерделеуге барынша үлкен мән беруі тиіс: дәріс және семинар сабақтарына, сондай-ақ қосымша курстарға қатысу, семинарлық сабақтарға дайындалу, кітапханаларға бару, академияның ұйымдастыратын білім беру, Мәдени және спорттық сипаттағы семинарларға, конференцияларға және басқа да іс-шараларға қатысу. Ол оқытушылар мен басшылықтың тапсырмаларын уақытында орындауы, рефераттар, курстық және дипломдық жұмыстар мен емтихандарды тапсыруы тиіс.

Тәртіптілік. Студенттің бөтен мүлікті ұрлау, академияға мас күйінде келу, ғимаратта және ғимаратқа кірер алдында темекі шегу, сабақ уақытында және кітапхананың оқу залында аудиториялар мен дәліздерде жұмыстан тыс жағдай жасау, сабақтарда және кітапханада ұялы телефондар арқылы сөйлесулер осы қағидатқа қайшы келеді.

Ұқыптылық. Студент сабаққа дер кезінде келуі керек, сабаққа дәрігердің анықтамасымен расталған ауру, оқу немесе қызметтік іссапар, сондай-ақ төтенше өмірлік жағдайлар сияқты дәлелді себептерге байланысты ғана жіберілуі мүмкін.

Белсенділік. Студент Академияның оқу, қоғамдық және спорттық өміріне белсенді қатысуы тиіс.

Өзара көмек. Студент өз мүмкіндіктеріне қарай басқа студенттерге, егер оларда оқуда қиын жағдай туындаса, көмек көрсетуі тиіс.

Ұқыптылық. Студент академияның мүліктеріне және материалдық-техникалық жабдықталуына ұқыпты қарауға, Академияның кітапхана қорымен ұқыпты қарауға міндетті. Жауапкершілік. Студент осы Кодекстің мінез-құлық қағидаларын сақтауға жеке жауапты болады және осыған байланысты оны орындау бойынша барлық қажетті шараларды қолдануға міндетті.

Жеке жауапкершілік қағидатына сәйкес академия әкімшілігі тәртіп нормаларын бұзған студентке қатысты тәртіп бұзушылықтың маңыздылығына байланысты келесі санкцияларды қолдануға құқылы:

- Ескерту;
- Сөгіс;
- Жеке іс қағазына енгізу арқылы қатаң сөгіс;
- Айыппұл;
- Академиядан шығару.

Сәттілік тілейміз!!!

МАЗМҰНЫ

Бірінші курс студенттеріне үндеу	3
Академия әнұраны	3
Академияның өткені мен бүгінгісі	3
Ректорат, академия құрылымы туралы ақпарат	6
Студенттерге қызмет көрсету орталығы	8
ҚазСТА студенттерінің ар-намыс кодексі	8
Студенттің әлеуметтік бейімделуі	9
Оқу үдерісін ұйымдастыру	11
Толық 4-жылдық оқу мерзімінің академиялық күнтізбесі	11
ТЖКБ негізінде қысқартылған 3-жылдық оқу мерзімімен және ЖБ негізінде қысқартылған 2-жылдық оқу мерзімінің академиялық күнтізбесі	12
Кредиттік оқыту жүйесімен байланысты негізгі ұғымдар	14
Студенттердің білімдерін, дағдылары мен біліктіліктерін бақылау жүйесі	17
Академия саясаты	20
Жазғы (қосымша) семестрді ұйымдастыру	20
Қалайша қайта оқу жылына қалмауға болады?	21
ҚазСТА студенттерінің басқа ЖОО-на ауысу ережесі	21
Оқудан шығарылған ҚазСТА студенттерін қайта қабылдау ережесі	21
ҚазСТА студенттерінің оқу ақысын төлеу шарттары	21
Студенттердің жеке оқу траекториясын құру	22
Студент-спортшыларға арналаған жеке оқу кестесі жайлы	23
Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін білім алу үшін жағдай жасау	23
Қазақ спорт және туризм академиясында студенттердің жеке және физикалық дамуы үшін жағдайлар	23
Студенттерді қолдау қызметтері және оларды жүзеге асыру механизмдері	24
Өтініштерді өткізу және ЖІЖБ қарау тәртібі	27
ҚазСТА студенттерінің негізгі құқықтары мен міндеттері	27
Академия студенттері мінез-құлықтарының этикалық ұстанымдары	28